МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

Қазақстандағы шетелдіктер медициналық көмекті қалай ала алады?

ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ

83-бап. Қандастардың, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың және өзге де адамдардың құқықтары мен міндеттері

fms.kz

fms.kz

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

ТМККК
МӘМС

83-бап. Қандастардың, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың және өзге де адамдардың құқықтары мен міндеттері

1. Қандастардың, босқындардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін ҚР азаматтарымен бірдей алуға құқылы

2. ҚР-да уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, баспана іздеген адамдардың, егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша және көлемде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқығы бар

ҚР-ның аумағында адам саудасының құрбаны ретінде анықталған және сәйкестендірілген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша және көлемде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасының аумағында жүрген қандастар, босқындар және баспана іздеген адамдар, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар денсаулық сақтау саласында Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей міндеттерді атқарады

ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ КОДЕКС

83-бап. Қандастардың, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың және өзге де адамдардың құқықтары мен міндеттері

2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

2. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ қандастар, егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі құқықтарды тең дәрежеде пайдаланады және міндеттерді атқарады

3. Егер заңдарда немесе халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын шетелдіктер мен олардың отбасы мүшелері міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі құқықтарды Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттың талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең дәрежеде пайдаланады және міндеттерді атқарады

Шетелдіктердің бірге тұратын жұбайы (зайыбы) және балалары олардың отбасы мүшелері болып табылады

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы ҚР Заңы

2-бап. Осы заңның қлоданылу аясы

fms.kz

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

ТМККК
МӘМС

ТҰРАҚТЫ НЕМЕСЕ УАҚЫТША ТҰРАТЫН ШЕТЕЛДІКТЕРДІ ҚАЛАЙ АЖЫРАТУҒА БОЛАДЫ?

Тұрақты тұратындардың ҚР-да ТҰРАҚТЫ ТҰРУҒА рұқсаты берілген (тұруға ықтиярхат - ЫБШ)

тұрақты тұруға рұқсат

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар сақталған кезде көшіп келушілерге ішкі істер органдары беретін және оларға Қазақстан аумағында тұрақты тұруға құқық беретін құжат

ҚР-да уақытша болу ҚР-да УАҚЫТШЫ ТҰРУҒА ТІРКЕЛУ (ТРП) арқылы расталады

уақытша тұруға рұқсат

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, көшіп келушілерге ішкі істер органдары беретін және олардың мақсатына қарай Қазақстан Республикасының аумағында белгілі бір мерзімге тұру құқығын беретін құжат



Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы No 992 бұйрығы

Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы

fms.kz

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

ТМККК
МӘМС

НЕ ҮШІН ЕМХАНАҒА ТІРКЕЛУ ҚАЖЕТ?

Жеке тұлғаны МСАК ұйымына бекіту тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек алу құқығын іске асыру және денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық көмек көрсету жөніндегі міндеттемелерін орындау үшін негіз болып табылады



Халық денсаулығы және ҚР Денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекс

123-бап. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек

fms.kz

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

ТМККК МӘМС

ҚАНДАЙ ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ЕМХАНАҒА ТІРКЕЛЕ АЛАДЫ?

Қандай тіркеу әдісін қолдану керек?

Ықтиярхаты бар шетелдіктер

Емханаға **egov.kz** электронды үкімет порталы арқылы тіркелуге болады

ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР

- қандастың куәлігі
- босқынның куәлігі
- азаматтығы жоқ адамның куәлігі

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ КӨЛЕМІ:

ТМККК - толық көлемде

МӘМС - толық көлемде, егер **САҚТАНДЫРЫЛҒАН болса**

Ықтиярхаты **бар шетелдіктердің балалары** электрондық үкімет порталы арқылы тіркеледі **egov.kz** ата-аналардың ЭЦҚ бойынша

Ықтиярхаты жоқ шетелдіктер

тек ЕАЭО-дан уақытша келген **ЕҢБЕК МИГРАНТТАРЫНА***

(РФ, Беларусь, Кырғыстан, Армения)

Клиниканың өзінде **өтініш берген кезде** тіркеуге болады

*ЕАЭО – Еуразиялық экономикалық одақ

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

- төлқұжат
- алғашқы медициналық-санитариялық көмекті (МСАК) алуға арналған ерікті медициналық сақтандыру шарты (ЕМС)

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ КӨЛЕМІ:

ТМККК - айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде

ТМККК - төтенше және шұғыл жағдайларда

МӘМС - толық көлемде, егер **САҚТАНДЫРЫЛҒАН болса**

Еңбек мигранттардың БАЛАЛАРЫ емханада ата-аналарының өтініші бойынша емхана шарты мен құжаттарымен қоса тіркеледі

2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығы

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы

fms.kz

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ
ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

ТМКККК
МӘМС

ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ҚАЙСЫСЫ ЕМХАНАҒА ТІРКЕЛЕ АЛМАЙДЫ?

ЫҚТИЯРХАТЫ ЖОҚ шетелдіктер және еңбек мигранттары болып табылмайтын - ЕАЭО елдерінің азаматтары

ТМД елдерінің азаматтары*

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ КӨЛЕМІ:

ТМККК - айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде
ТМККК- шұғыл және төтенше жағдайларда
МӘМС - пайдалана алмайды

ТМД елдерінің азаматтарынан басқа шетелдіктер*

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ КӨЛЕМІ

ТМККК - айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде
МӘМС - пайдалана алмайды

2020 жылғы 9 қазандағы № ҚР ДСМ-121/2020 бұйрығы

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқығы бар Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, баспана іздеген адамдардың айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың тізбесін және медициналық көмектің көлемін бекіту туралы

fms.kz

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

ТМККК МӘМС

ЕАЭО ЕЛДЕРІНЕН ЕҢБЕКШІ КӨШІП-ҚОНУШЫЛАР* ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ**

***Еңбекші көшіп-қонушылар** - өз қызметін заңнама негізінде жүзеге асыратын тұлғалар*
****Отбасы мүшелері** - бірге тұратын ерлі-зайыптылар мен балалары*

ЫҚТИЯРХАТЫ жоқ шетелдіктер

ЕАЭО-дан уақытша келген ЕҢБЕК МИГРАНТТАРЫ ғана

(РФ, Беларусь, Кырғызстан, Армения)

МЕДИЦНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ КӨЛЕМІ:

- **ТМККК** - айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде
- **ТМККК** - шұғыл және төтенше жағдайларда
- **МӘМС** - толық көлемде, егер **САҚТАНДЫРЫЛҒАН болса**

ҚР 2014 жылғы 14 қазандағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы № 240-V ҚРЗС заңы

№ 30 ҚОСЫМША мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне және отбасы мүшелеріне медициналық көмек көрсету туралы ХАТТАМА

Қандай медициналық көмек кіреді?

шұғыл және төтенше медициналық көмек + МӘМС тізбесіндегі медициналық көмек

- **Төтенше және шұғыл нысандардағы ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК**
- **АУРУЛАРДЫ АЛДЫН АЛУ** және ерте анықтау
- Аурулардың **ДИАГНОСТИКАСЫ**
- Бейінді маманның **ҚАБЫЛДАУЫ және КОНСУЛЬТАЦИЯЛАРЫ**
- МӘМС-ке кіретін **ЖОСПАРЛЫ ЖӘНЕ ШҰҒЫЛ** медициналық көмек
- **МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУ**
- **ПАТОЛОГИЯЛЫҚ** диагностика
- **ДОНОРЛЫҚ**
- **ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Егер пациент **САҚТАНДЫРЫЛМАСА, МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК** айналасындағылардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қатер жойылғаннан кейін медициналық қызметтердің нақты құнын төлеуді пациент тікелей немесе тарифтер немесе шарттық бағалар бойынша өзге де көздерден жүзеге асырады

басқа дереккөздер қандай болуы мүмкін?

- МӘМС тізбесі бойынша Мед.қызметтер үшін МӘМС қаражаты (мәртебесі ***САҚТАНДЫРЫЛҒАН*** жағдайда)
- *Пациенттің* өз ақшасы
- Ерікті медициналық сақтандыру полисі
- Туыстары, жұмыс берушілері, халықаралық ұйымдар және т. б. сияқты үшінші тұлғалар

fms.kz

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

ТМККК МӘМС

ТМД* ЕЛДЕРІНІҢ АЗАМАТТАРЫ

**ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы*

МЕД.КӨМЕКТІҢ КӨЛЕМІ:

ТМККК - айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде

ТМККК - шұғыл және төтенше жағдайларда

МӘМС - пайдалана алмайды

ЕЛДЕР:

- Тәжікстан Республикасы
- Беларусь Республикасы
- Өзбекстан Республикасы
- Қазақстан Республикасы
- Армения Республикасы
- Украина
- Қырғыз Республикасы
- Молдова Республикасы

ТМККК-ға қандай медициналық көмек кіреді?

ТЕК шұғыл және төтенше медициналық көмек

- науқастың өміріне немесе айналасындағылардың денсаулығына қауіп төндіретін кенеттен өткір жағдайлар мен аурулар кезінде
- жазатайым оқиғалар, улану, жарақат, босану
- жүктілік кезіндегі шұғыл жағдайлар

Қажет болған жағдайда анықтама немесе еңбекке уақытша жарамсыздық парағы ұсынылады

Науқастың өміріне немесе айналасындағылардың денсаулығына қауіп төнген және оны тасымалдау мүмкін болған сәттен бастап, **медициналық көмекті одан әрі көрсету ақылы негізде жүзеге асырылады**

Науқасты қауіпсіз тасымалдау мүмкіндігін клиниканың клиникалық-Сараптамалық комиссиясы айқындайды

ЖОСПАРЛЫ МЕД.КӨМЕК *медициналық құжаттар және жіберуші елдің медициналық көмектің құнын төлеу туралы кепілдік міндеттемесі болған кезде шарттық бағалар немесе прейскуранттар бойынша ақылы негізде ұсынылады. Егер кепілдіктер берілмесе, онда емхана мен пациент немесе пациент өкілі арасындағы нақты шығындар бойынша кейінгі өзара есеп айырысуларды жүргізе отырып, емдеудің болжамды құнынан кем емес мөлшерде алдын ала төлегеннен кейін медициналық көмек алуға болады*

Жекелеген жағдайларда, уағдаластық бойынша ауыр сырқаттардан зардап шегетін азаматтарға жоспарлы консультациялық және емдеу-диагностикалық медициналық көмек өзге жағдайларда көрсетілуі мүмкін

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 ақпан N 320 ҚАУЛЫСЫ

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы келісімді және Медициналық қызметтер ұсынудың тәртібі бөлігінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы келісімді іске асырудың тетігі жөніндегі хаттаманы бекіту туралы

fms.kz

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

ТМККК
МӘМС

АЙНАЛАСЫНДАҒЫЛАРҒА ҚАУІП ТӨНДІРЕТІН АУРУЛАР

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК:

диагноз қойылған кезде

- Консультациялық қабылдау
- Зертханалық диагностика
- Ультрадыбыстық және рентгендік диагностика

АЛУШЫЛАР:

ҚР-да уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, пана іздеген адамдар

- Дифтерия
- Қызылша
- Қызамық
- Көкжөтел
- Скарлатина
- Жел шешегі
- Эпидемиялық паротит
- А, В, С Паратифтері
- Полиомиелит
- Менингококк инфекциясы
- Тырысқақ
- Іш сүзегі
- Туберкулез
- Психикалық және мәнез-құлық (аурулар) бұзушылықтары
- Күйдіргінің өкпелік түрі
- Оба
- Вирустық геморрагиялық қызбалар
- Сары қызба
- А, Е вирустық гепатиттері
- Безгек
- Вирустың жаңа субтипінен туындаған адам тұмауы
- Ауыр жіті респираторлық синдром (АЖРС)
- Коронавирустық инфекция

2020 жылғы 9 қазандағы № ҚР ДСМ-121/2020 бұйрығы

Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, баспана іздеген адамдардың айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың тізбесін және медициналық көмектің көлемін бекіту туралы